

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan
L. N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of philology
Department of Kazakh literature

**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ
ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер **ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ** 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

4-5 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ

Астана, 2023

MATERIALS

**«NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES AT
THE CROSSROADS OF THE HUMANITIES»**

International scientific and theoretical conference dedicated to the 95th anniversary of the winner of the state prize of the Republic of Kazakhstan and the Sh.Ualikhanov Prize in the field of science, academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of science of the Republic of Kazakhstan **Zaki Akhmetov**

4-5 MAY, 2023

Astana, 2023

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

Г91

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е. Сыдықов

Редакция алқасы: Ж. Құрманғалиева, У. Жорақұлов (*Ташкент, Өзбекстан*), Н. Ыйсаева (*Бішкек, Қырғызстан*), Ғ. Нұрғалиева, А. Бейсенбай, Қ. Кемеңгер (*жауапты шығарушы*), Қ. Байтанасова, М. Оразбек, С. Сагидуллиева.

«Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»
Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 95 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 4-5 мамыр 2023 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 310 б.

ISBN 978-601-337-843-5

Жинаққа 2023 жылы 4-5 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің (1928-2002) 95 жылдығына арналған «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. З. Ахметовтің ұлттық гуманитарлық ғылым тарихындағы орны мен ғалымдық тұлғасын зерделейтін мақалалар және бүгінгі әдебиеттану, фольклористика, тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесін қарастырған ғылыми зерттеулер топтастырылды.

Басылым ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға, оқу, білім, руханият саласының мамандарына, ұлт тарихына ынтызар көпшілік оқырманға арналған.

ISBN978-601-337-843-5

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

- 6 Мүсірепов Ғ. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2012. – 1120 б.
- 7 Гора самоцветов – Сказ хотанского ковра (The Hotan Carpet Tale) Уйгурская сказка: <https://www.youtube.com/watch?v=YhMHgjL9gNE>
- 8 Қазақ және әлем халықтары ертегілерінің алтын жинағы. 2-кітап. – Алматы, Аруна, 2013. – 517 б.
- 9 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 264 б.
- 10 Кабиров М., Шахматов В. *Уйгурские народные сказки*. 1951 г. – 126 б.
- 11 Түрік халықтарының әдебиетінің тарихы. Хрестоматия. – Түркістан: ХТҚУ баспасы, 2005. – 342 б.
- 12 С. И. Шуртакова // Чувашиские легенды и сказки. – Чебоксары, 1979. – 221 б.
- 13 Ахметов З. Түркологтардың келелі кеңесі / З. Ахметов // Қазақ әдебиеті. - 1976. - № 39 (1337). – 24 қыркүйек. – 4 б.

ӘОЖ 82-1/29

ИЛІЯС ЖАНСҮГІРОВТЫҢ «КҮЙШІ» ПОЭМАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Кәрім Т.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының студенті

Астана қ., Қазақстан

**Ғылыми жетекші: филол.ғ.к., қауым. профессор Кемеңгер Қ.Р.*

E-mail: tozghankarim3@gmail.com

Аннотация: В статье рассматриваются биография и творческая деятельность выдающегося казахского литературного деятеля Ильяса Жансугурова (1894-1938). Выявляется особенность художественного творчества поэта в жанрах поэзия, проза, драматургия. Уделяется внимание на содержание и художественные особенности поэмы «Куйши». Анализируется эпическое произведение, написанное в стихах. Отмечается значение домбрового искусства в истории казахского народа, психологическая напряженность героев поэмы. В ходе анализа приводятся конкретные отрывки из поэмы, оцениваются ее художественные особенности.

Ключевые слова: поэт, Ильяс Жансугуров, поэма, казахская литература, поэзия, идея, произведение, художественные особенности.

Abstract: The article examines the biography and creative activity of the outstanding Kazakh literary figure Ilyas Zhansugurov (1894-1938). In the genres of poetry, prose, drama, the specifics of the poet's artistic creativity are revealed. The main attention is paid to the content and artistic features of the poem "kuishi". An epic work written in a poem is analyzed. The importance of dombra art in the history of the Kazakh people, the psychological tension of the heroes of the poem is noted. In the course of the analysis, specific excerpts from the poem are given, its artistic features are evaluated.

Key words: poet, Ilyas Dzhansugurov, poem, Kazakh literature, poetry, idea, work, artistic features.

Қазақ әдебиеті тарихында алыптар саны жетерлік. Олар әдебиетімізді, мәдениетімізді, тілдік тұғырымызды, жалпы айтқанда қазақ топырағындағы ұлттық құндылығымызды жаңа сатыға көтерді әрі барша әлемге танытты. Осы ерелі еңбек еткен алыптардың бірі де бірегейі – бүгінгі Жетісу өңірінің Ақсу ауданында өмір есігін ашқан Илияс Жансүгіров десек, қателеспейміз. Илияс Жансүгіров дүниеге өз жарығын жағып кетті. Арманын халық тілегімен үндестіре отырып, мақсатына қадам басып, өміріне ізгілік пен адал еңбек, парасаттылық пен тазалық, білім мен ізденімпаздық, сұлулық пен көркемдік сынды құндылық қосылған үлкен жол салды. Жаңашылдық, өнер, адамгершілік, білім тулары қазақ әдебиетінде сол дәуір сипатында биікте тұрды десек, оның ар жағында мықты Илиястай тұлғалар тұрғандары мәлім.

I. Жансүгіровтің шығармашылығы көп қырлы, алуан сырлы. Ол – поэзия, проза, драма саласында өнімді еңбектеніп, өзіндік қолтаңбасы айқын көркем шығармалардың маржан шоғырын дүниеге келтірген құнарлы да тегеурінді қаламгер. Оның шығармаларына арқау болған тақырып өрістері де алуан түрлі. Поэзия, проза, драма салаларындағы шығармаларына өзі ғұмыр кешкен ортадағы нақтылы өмір көріністерінен бастап, тарихи тақырыпқа дейін арқау болып отырады. Қандай тақырыпқа қалам тербесе де, ел қамы, халық тағдыры, ұлттың болмыс қасиеті оның шығармаларының алтын арқауы. Қаламынан туған «Күй», «Дала», «Күйші», «Құлагер» сынды он беске жуық көлемді туынды қазақ поэзиясының інжу маржаны болып табылады.

Ілияс ақынды – туған әдебиетіміздің бір асқар Алатауы, немесе жыр Жетісуы деген теңеулерге қосыламыз. Неге? Себебі, ол қазақ әдебиетіндегі қайталанбас, қала берді әлем әдебиетіндегі сирек, сара құбылыс. Мәселен, әйгілі әлемдік тартылыс заңын кезінде ағылшынның ұлы ғалымы Исаак Ньютон зерттеп, зерделеп ашпаса да, кейіннен басқа біреу міндетті түрде табар еді. Ал, «Евгений Онегинді» тек А.С.Пушкиннен басқа ешкім жаза алмағандай, «Жетісу суреттерін», «Күйші», «Рүстем қырғынын», «Исатай-Махамбетті», «Құлагерді» нақ солайша Ілияс Жансүгіровтан басқа ешкім өмірге әкеле алмас дер едік. Демек Ілияс әдебиет қоржынына алтындай бағалы қазына қосты.

Ілияс даму жолында ән мен күйдің әсеріне бөленіп, оның сыры мен сипатын бойына жинай бергендей көрінеді. Солай өсе-өсе күйдің шабысын асқақтата суреттеп, тыңдарманның назарын аудартып, күй сандығының қазынасын жарқ еткізер қабілетке жетті. Міне оның сол жолдағы бір белесі – Күйші поэмасы. Поэманың басты кейіпкерін:

Қобызшы Малқыбай шал Матайдағы,
Матайда Кенже, Тұңғат, Сақайдағы
Қазақта қобызшының қалғаны сол,
Жорға еді маймандаған бақайшағы, -

деп таныстыруынан-ақ күй құдіретіне елтіп, шарықтаған шабыттың екпіні сезіледі. Осы «жарықшақ үні тозған қаңсыған», «еңкейіп екіндідей күні кеткен» шалыңыз кім десеңіз:

Қобызшы ол «Ақ көбікті» аңыратқан,
Боздатып «бозінгенді» күңіреткен.

Малқыбай қобызшыдан ақынның бала кезде тыңдаған «Бозінген» күйінің әсері шер-күйік боп жүрегіне байланып қалғанын сол күй жайындағы поэмада суреттелген аңыздан анық байқаймыз.

Міне, осылайша Ілияс асудан-асу бел асып келіп, 1934 жылы өзінің әйгілі «Күйші» поэмасын жазды. Поэма оқырманды салған жерден тау өзенінің арынды ағысындай үйіріп әкетеді. Оқиға Арқадан ауып Жетісуға келген хан Кененің ордасынан басталады. Поэманың қаһарманы Сарыүйсін руынан шыққан салт атты, сабау қамшылы бір жігіт сондай той-думанның біріне тап болады. Бар жақыны — жар дегенде жалғыз шешесі ғана. Ел оны күйші деп қана атайды. Ешкім есімін ауызға алмайды, сірә білмейтін болса керек. Бірақ сол аты жоқ Сарыүйсінің осында жиналған хан мен қараны тамсандыруда:

Аңқытып ақ орданың бір жағында
Күйші отыр домбыраны дүрілдетіп,
Құмар қып тартқан күйдің ырғағына.
Оның күйін тыңдаған жұрт:
Жып-жым-жырт тыңдағандар тіл кескендей,
Құрыштап құлақтарын үн кескендей.
Сылдырап кейде қамыс, кейде бұлақ,
Қырдағы қоңыр түнде жыр көшкендей.

Оның тартқан алуан түрлі: зарлы, ащы, тәтті күйлері тас бұлақтың суындай лақылдатып, біресе жүректі шымырлатып, біресе көңіл шымшиды. «Асан Қайғы», «Теріс қақпай», «Сарыөзен», «Бозінген», «Қаражорға», «Қорамсақ» күйлері Алатау, Алтай, Арқа, Қыр, Сырды шарлатып, Ұлы Дала аумағында өткен ел тарихын елестетеді. Осыларды автор:

«Анқылдап алтын күрек домбырадан // Құйып тұр жазғы жылы жаңбырдай боп», - деп суретті сөзге көшіреді.

Табиғат тып-тыныш бола қалды.
Қырдағы қоян, құлан құлақ тігіп,
Қамыстан жолбарыс та ыңыранды.
Күн тыңдап кірмей тұрды ұясына,
Бұлт тыңдап, мінбей тұрды тау басына.
Мақұлық жерде, көкте маужырады.
Қараған бір жан болмай шаруасына.
Су ақпай, жатты толқып арнасында,
Қарғалар қалқып қалды жар басында.
Сүйсініп домбыраны тыңдады жұрт,
Тырп етпей тілеулес боп зарласынға.

Осылайша, адам түгіл, жан-жануар, өлі, тірі табиғатты манауратқан Күйшіні ханның қарындасы ақылы дария, әйелдің ақ сұңқары болған Қарашаш ағасынан күйшіні өз жананына қалуын сұрайды. Күй құдіреті Қарашашты да арбап алады әрі елітеді. Бейшара күйші не күйге ұшырағанын аңғара алмай, ханшаның соңынан сүмірейіп кете барады. Ә дегенде Қарашашқа тұтқын, құл болдым деп есеңгіреп қалған Күйші біртіндеп есін жиып, үй ішінің көріністеріне көзін салады. Небір асыл дүние-жиһазбен сәндеген ханша отауының гүл-гүл жайнаған ішкі жасауы Күйші сезімін арбап, көңілін сергітеді. Алғашында айдаһардай әсер еткен ханша енді:

Қара қас, қылан қабақ, кер құба қыз
Қарашаш, алмас сағақ, құралай көз.
Сырықтай ордадағы сымдай бойы,
Талшыбық қыпша белдің өзі нағыз.
Түлкі қыз қызыл алтай, кер марал қыз,
Ақ қоян, бозша, байтал, ақша нар қыз.
Қымыздай балға ашытқан тәтті қыз,-

болып көрінеді. Қарашаш Күйшінің жүрегінде ғашықтық отын жандырып, құштарлық сезімін лаулатады. Осыдан кейін үйреншікті күй тілі кенет жаңа, сұрапыл, ыстық тасқын боп бұрқайды.

Саусақтар ойнап, орғып, қаздаң қағып,
Суырып ішек тілін, мұңын шағып.
Жүйріктің шын күйі келгенінде
Шығаннан шыға шаппай тұрсың нағып.
Асқақтап, кейде күйді көкке өрлетіп,
Алыстап, шырқап, сілтер, әрі кетіп,
Қайырып, қалықтатып, қайта оралтып,
Бірден-бір ақырын-ақырын төмендетіп.
Ызғытып, өлке өрлетіп, баяулатып,
Соқтырып кейде боран дауылдатып,
Көңілдің асқарынан тұманды айдап,
Артынан нөсерлетіп, жауындатып...

Күй ырғағын, әуен-сазын айнытпай бейнелеп, нөсерлеткен, тасқындай үдей жөңкілген сөз түйдектері кім-кімді де тырп еткізбей, баурап алады.

Домбыра бебеулетті, безілдетті,
Кернетіп кең даланы кезіп кетті.
Біресе қашағанды қырда қуып,
Ән шырқап қоңыр түнде, қой күзетті,

дейді тағы да.

Бұл сорлы Дулат па екен, Үйсін бе екен?
Күйшім боп өміріне жүрсін бе екен?

Сүйкімді жігіттің бұл бұлбұлы ғой?

Қарашаш осыған-ақ тисін бе екен?

Бұл сорлы күйді неге үйренді екен?

Күй ата бұған дарып жүрген бе екен,- деген ой хан асылы Қарашаш санасына да оралмай қоймайды. Дегенмен хан тұқымын қарамен бұлғамауды шешкен қағидасы берік қамал болып қала береді.

Жоқ, болмас, ауырдым ба, жындандым ба,

Қараға хан затымды былғармын ба.

Бұл менің басыбайлы бір малайым

Тиюге енді маған құл қалды ма?!

Екеуі де ғашықтық құштар сезімнің құшағында өздерін-өздері арпалысқа түсірген психологиялық тартыс желісін Сапақ оқиғасы үзіп жібереді. Күйші мұның қайсысы – өң, қайсысы – түс екенін ажыратудан қалған. Қарашаштың төсегіне барған мен шығармын, біткен жерім осы болар деп, өлі мен тірінің арасында тұрғанда, Қарашаштың домбырашыға тап берген қызметшісіне: «Қолыңды қоқандатпа, күйшіме!»,- деген әмірін құлағы шалып, жан шақырады.

Қазақ күйінің табиғатын, қазақ болмысының көрінісін, көркем сөз зергерімен мұншама дәл бейнелеу үшін нәзік сезім, шарпыған шабыт және асқан талант қажет екені көрінеді. Ілияс дәл осы қасиеттерді бойына сіңіре отырып «Күйші» поэмасы арқылы халық назарына өзгеше шашу шашты. Күй өнерінің табиғатын барынша анық әрі көркем түрде бейнеледі. Бұл поэманы тудырған автор шабытының биіктігі соншалық, тіпті оқырман бойына үлкен сілкініс жасады. Құдды домбыра алып күй ойнауға көңіл дауалайды. Міне, Ілияс қаламынан туған шығармалар құндылығы да осы деуге болады. Яғни, ешкімге ұқсамас көркемдігі мен асқан сөз шеберлігінде.

Оқиға желісі Қарашаш сұлудың не тілегің бар? Қалауыңды айт деген күйшіге қойған күтпеген сауалымен өрбиді. Күйші торға қамалған бозторғайдай бостандықтан басқа айтары жоғын білдіреді. «Елімде қарт анам қара баласын іздеп, елжіреп, зарлауда еркіндік бер», - дейді. Қарашаш тіліне «болсын» деген сөзден басқа жауап келмей қояды. Жаны күңіренсе де, құлағына енді күй сазы оралмайтынын білсе де күйші тілегіне мойынсұнады. Уақыт тынысымен қыс бітіп, жаз шықты. Жазбен бірге Күйші бостандығының таңы атты. Жолға шығарда Қарашаш сұлу сәйгүлігін сайлап оны аттандыруда. Ал Күйші әдеттегі күйіне басады. Бірақ бұл жолғы күй өзге күйден бөлек. Себебі бұл – еркіндіктің әуені болған Азат күйі.

Поэмаға өзек болған негізгі идея – қазақ халқының тоқсан тарау, яғни мың сан күйінің терең өмірлік сырын, көп қырлы эстетикалық қасиетін ашып көрсету. Бұл Қарашаш пен Күйші арасындағы терең психологиялық тартыс, күй тілімен байланысқа түсетін үнсіз сезім, адам көңілінің алапат шарпуы арқылы беріледі. «Күйші» поэмасының әдебиеттегі орны маңызды әрі айрықша болып қала бермек. Бұл туынды домбыраның үніндей қоспасы жоқ, мөлдір, таза тіл ретінде ақынның елеулі табысы болды. Абай поэзиясының тілдік бояу нақыштарын бойына сіңіре білген ақынның өлең жолдарының ішкі үндестігі жаңа инверсия, аллитерация, ассонанстар, қиыннан қиысқан он бір буынды ұйқас қырларынан да мінсіз болды.

Сөз түйінін заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің: «Данышпан Абайдан кейін Ілиястың есімін атау орынды», - деген пікірі қорытындылайды.

Әдебиеттер тізімі:

1 <https://martebe.kz/ilijas-zhans-girov-1894-1938/>

2 <https://bilimdinews.kz/?p=192233>

3 І. Жансүгіровтің 125 жылдық мерейтойына арналған «Жансүгіров тағылымы» І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, 2019. - 19 б.

4. І. Жансүгіров. Шығармалар / құраст.: А. Сүлеев, Ғ. Орманов. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960. – 584 бет.